

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Бағалы қағаздар нарығы департаменті*

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
ағымдағы жағдайы*

2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша

Көлемі: 6 бет
Кестелер саны: 5
Графиктер саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2016 жыл

МАЗМҰНЫ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер

2-график. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы

III. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

Бүгінгі күнде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарды және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде Ұлттық Банктің атына ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге өтініштер түскен жоқ.

2016 жылғы 1 қарашаға міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттары санының 76 533 бірлікке немесе -0,8%-ға, ерікті зейнетақы жарналары бойынша 2 389 бірлікке немесе -6,1%-ға азаюы байқалады.

Міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша есептік күнге салымшылар (алушылар) шоттары санының 21 654 бірлікке немесе 5,8%-ға артуы байқалады.

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны ¹	1.01.16	1.11.16	Өсімі (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 474 689	9 398 156	-0,8
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	39 045	36 656	-6,1
пайдасына міндетті кәсіби зейнетақы жарналары енгізілген	372 889	394 543	5,8

2016 жылғы 10 айда зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша 706,3 млрд. теңгеге (12,3%), міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша 31,2 млрд.теңгеге (48,4%) ұлғайды, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өзгерістер байқалған жоқ.

(млрд. теңге)

Зейнетақы жинақтары	1.01.16	1.11.16	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	5 762,0	6 468,3	12,3
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,7	0,0
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	64,5	95,7	48,4

№974 қағидаларға² сәйкес қызметшілердің (әскери қызметшілердің) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2016 жылғы 1

¹ Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарын есепке алусыз көрсетілген. 1 қарашаға зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 220 838, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша – 20 026, ерікті зейнетақы жарналары бойынша - 2 181 бірлік болды.

² «Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 974 қаулысы

қарашаға дейін республикалық бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтарудың жалпы сомасы 146,0 млрд. теңге болды.

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.11.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	5 828,2	6 565,6	12,7
Зейнетақы жарналары	4 375,2	4 795,5	9,6
«Таза» инвестициялық кіріс	1 751,9	2 209,6	26,1
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	30,1%	33,7%	12,0

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың басынан бастап 737,4 млрд. теңгеге (12,7%) ұлғайып, 2016 жылғы 1 қарашада 6 565,6 млрд. теңге болды. 2016 жылдың 10 айындағы «таза» инвестициялық кірістің өсімі 457,7 млрд. теңге немесе 26,1% болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

Көрсеткіштің атауы	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.11.16	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	670,7	813,4	21,3
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	121,2	138,1	13,9


Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылғы 10 айда 142,7 млрд. теңгеге немесе 21,3%-ға ұлғайып, 2016 жылғы 1 қарашада 813,4 млрд. теңге болды.

II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер

Көрсеткіштің атауы	1.01.16
ЖІӨ, млрд.теңге	40 884,1 ³
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,3
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,7
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	4,3


2-график. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы



2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 1 қаңтар аралығын салыстырған кезде Қазақстан Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің ұлғаюы, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасының 11,7% бастап 14,3% дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасының 9,5% бастап 10,7% дейін және «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасының 2,6% бастап 4,3% дейін ұлғаюы байқалады.

III. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



³ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің жедел мәліметтері (stat.gov.kz)

2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2016 жылдың басынан 735,1 млрд. теңгеге немесе 12,6%-ға ұлғайып, 6 569,7 млрд. теңге болды.

2015 жылғы 1 қараша – 2016 жылғы 1 қараша аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 91,5 млрд. теңге болды.

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.01.16		1.11.16	
	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	2 683,17	46,7	2 908,0	44,4
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 328,23	40,6	2 765,0	42,2
Ұлттық Банктің ноттары	354,94	6,1	143,0	2,2
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,0	0,0	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	232,8	4,1	203,7	3,1
акциялар	13,6	0,3	17,3	0,3
облигациялар	219,2	3,8	186,4	2,8
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	84,9	1,5	85,7	1,3
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	50,7	0,9	389,3	5,9
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	2 325,6	40,5	2 536,2	38,8
акциялар	113,1	2,0	127,8	2,0
облигациялар, оның ішінде:	2 199,9	38,3	2 402,3	36,7
шетел валютасында номинирленген	549,3	9,6	493,3	7,5
теңгеде номинирленген	1 650,6	28,8	1 909,0	29,2
ноттар	12,6	0,2	6,1	0,1
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	363,9	6,3	423,8	6,5
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0
Жиынтығы	5 741,0	100,0	6 546,7	100,0

2016 жылғы 1 қарашада БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен, тиісінше 44,4% және 38,8%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 678,7 млрд. теңгені (оның ішінде, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 10,3%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 6,5% немесе 423,8 млрд. теңге келеді.